



# **БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ**

Қурық, 2015

Ата-аналар балаларға санауды, жазуды, оқуды және ағылшын тілін үйретеді. Бұл кезде аналар мен әкелер қоршаған ортаны аялаудың маңызын түсіндіруді ұмытып кетіп жатады. Біз баланы саналы етіп тәрбиелеуге көмектесетін оңай әрекеттер жайлы айтып береміз.

Экология жайлы Сіз не білесіз? «Экология» сөзін естігенде зауыттардың түтіндеген құбырларын, шіріп жатқан шымтезек орындарын, мұнай дақтарын, тесік озон қабатын және жоғалып бара жатқан Амур жолбарыстарын елестеткен боларсыз. Экологиямыз нашар, онысы рас. Онда келесі қояр сұрағымыз: экологиялық мәселелерді шешу үшін өзіңіз не істедіңіз? Шошымаңыз, түбегейлі шаралар қолданыңыз деп айтпаймыз, баланың көңілін айналадағы әлемге аударуды ұсынамыз.

## ТАБИҒАТ АЯСЫНА ШЫҒАМЫЗ

Алдымен «экология» ұғымының анықтамасын еске түсірейік: бұл тіршілік иелерінің бір-бірімен және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынастары туралы ғылым. Біздің міндетіміз – балаға табиғатқа дұрыс қарауды үйрету. Қалай үйретеміз? Тек өзіміз үлгі болсақ қана үйрете аламыз. Бала әрдайым сізге қарап жүреді, әкесі/шешесі сияқты болғысы келеді, яғни ата-аналар экологиялық тұрғыдан дұрыс мінез-құлық үлгілері болуға міндетті. Көктем басталды, демек жақын арада біз далаларға, ормандарға және бау-бақшаларға барып, табиғат аясында дем аламыз. Отбасы демалысынан кейін табиғатқа нұқсан келтірілмеуі тиіс. Барлығына мәлім жайттарды айтып отырғанымызды білеміз, сонда да шыдаңыз, әлі көп осындай жайттарды айтамыз және әр ережені қатаң сақтауды талап етеміз. Сіздер ата-ана болғандықтан, сіздерге ерекше талап қойылады!

### **ҚОҚЫС ТАСТАМАҢЫЗ!**

Бүктелген пакет мүлдем орын алмайды және салмағы да аз, пикникке барғанда пакет ала барыңыз. Демалыстан кейін оның ішіне қоқыстарды салып, үйіңізге жақын қоқыс контейнеріне апарып тастайсыз. Баланы табиғат аясында

отбасымен дем алу «іздерін» жою ісіне оңай қатыстыруға болады. Бұл кезде балаға мұның не үшін істелетінін түсіндірудің маңызы зор: «біз келгенде алаңқай таза болды ғой, сондай болып қалуы керек».

## АМАН-ЕСЕН

От жағу үшін өзіңізбен бір қап көмір алып келуге немесе құрғақ бұтақтар жинап әкелуге болады (бірге істелген еңбек отбасыны ұйымшыл етеді!). Ағаштарды сындыруға немесе кесуге болмайды, сол сияқты ағаш діңдеріне шеге қағуға немесе пышақпен жазу жазуға болмайды. Мұндай тыйымдардың мәнін түсіндіру өте оңай: адам жараланғанда, ауырады ғой? Қаны ағады. Ағаштың «жарасынан» шырын не шайыр аққанда, ағаш та ауырады.

Табиғатқа тыныштыққа бөленіп, құстардың сайрауын және жапырақтардың сыбдырын тыңдап, рақаттану үшін барады. Сондықтан табиғат дыбыстарына құлақ түріңіз, музыканы үйде тыңдайсыз. Біздің құлағымыз барлығына үйренген, ал құстар және жануарлар жағымсыз үндерден есеңгіреп қалады. Қалай болса да, сіз балаңызбен қонаққа келдіңіз, яғни «қожайындардың» өмір сүру тәртібін құрметтеу керек.

## ӨЗІНЕ ӨЗІ ӨРТ СӨНДІРУШІ

Кетер алдында міндетті түрде отты сөндіріңіз (ең дұрысы – су құю), өйтпеген жағдайда өрт шөпті, бұталарды және ағаштарды, онымен қоса орман мекендеушілерінің үйлерін құртады. Темекі шегетін ата-аналарға жеке өтініш: дұрыс өшірілген темекі тұқылдарын қоқыс жинауға арналған қапқа саламыз да, қоқыс контейнеріне тастаймыз.

## ҚАЛАДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӨМІР

Қаладағы экологиялық мінез-құлық ережелері жоғарыда жазылғандардан айырылмайды. Бірақ әрине мұнда да өзгешеліктер бар. Тамақ өнімдерінің орамаларын, пакеттерді,

эскимо таяқшаларын, трамвай билеттерін және құтылуға асығатын басқа да қажетсіз ұсақ-түйекті урнаға тастаймыз. Экологияға жаны ашитын адамдар «нан дүкеніне таксимен бармайды» және аса қажет болмаса, жеке автокөлікті пайдаланбауға тырысады: айналадағы газдану деңгейі онсыз да ауыр жағдайда.

Өзіңіздің ғана емес, асырайтын үй жануарларыңыздың артынан да жинау қажет. Шарикпен далаға шыққанда өзіңізбен қалақ пен пакет (тым болмаса, газеттен жасалған қапшық) алып жүріңіз, иттің нәжістерін ұқыпты жинап алып, жақын урнаға апарып лақтырыңыз. Баламен бірге сенбіліктерге (жексенбіліктерге) және үйіңіздің айналысындағы аумақты көріктендіруге бағытталған басқа да іс-шараларға қатысыңыз. Бала ауқымды жұмыс жасамаса да, бір-неше қоқыс жинауының өзі – үлкен іс!

Дүкендерге көп рет қолданылатын пакет алып жүріңіз, одан жақсысы – экологиялық кенеп сөмкені пайдаланыңыз. Бұл – әлемдік тренд, сондықтан сіз де қосылыңыз! Айтпақшы, балаға қандай да бір мультфильм кейіпкері бейнеленген жеке сөмке сатып алуға/тігіп беруге болады.

Ережелерді қатаң сақтау қажет, ережелер орындалмайтын ешқандай жағдайлар болмайды, керек пе, істеңіз! Балаға кәмпиттің қағазын қоқыс шелегіне лақтыру керек деп жүз рет айтсаңыз да, бір рет қана оны жерге тастай салсаңыз, тәрбиелеу үрдісінің бүкіл нәтижесі жоққа шығады!

## ҮЙІҢІЗДЕГІ ЭКОЛОГИЯ

Ресурстарды, мысалға суды үнемдеңіз. Иә, электр қуатын үнемдеу қажеттігін балаға түсіндіру қиын (әсіресе сәби түнгі шамсыз ұйықтай алмаса). Бірақ тіс ысқан уақытта кранды жабуды балаға оңай үйретуге болады: өйтпеген жағдайда «өзендегі бүкіл су құрып, балықтар тұратын жерінен, ал адамдар ішетін судан айырылады» (жалпы алғанда бұл шын емес пе). Балаларды бөлме өсімдіктерін күтуге тартыңыз. Мұнда ең бастысы – ең басында балаға гүлдің ойыншық емес екенін түсіндіру: гүлді құмырасынан суырып алса, ол дереу өліп қалады. Суғармаса да көп тұрмай солады.

## ТӘЖІРИБЕ

Өсімдіктің сабағы мен тамыры жайлы баланың көрнекі түсініктерін қалыптастыру үшін бірге пияз отырғызыңыз. Алдымен оны суы бар банкаға салып қойыңыз да, тамырының қалай өсетінін бақылаңыз (тамырдың не үшін қажет екенін міндетті түрде түсіндіріңіз!). Осыдан кейін тамырланған пиязды құмыраға салып, сабақтарының өсу барысын бақылаңыз. Бұл қарапайым табиғи-ғылыми тәжірибе табиғатқа деген ұқыпты көзқарасты тәрбиелеу тұрғысынан өте пайдалы: бала өсімдікке тамырдың не үшін қажет екенін түсініп, жерден гүлдерді жұлуды қояды. Балаңызға үй жануарларын бағу жұмыстарының бір бөлігін сеніп тапсырыңыз. Біз бала үшін сатып алынған күшіктің негізінде ата-аналарға жүктелетінін тамаша түсінеміз. Себебі бала әлі кішкентай, мүмкіндіктері шектеулі, тірі жанды толыққанды күте алмайды. Бірақ Тузикке немесе Муркаға үнемі қарай алады және қарауға тиіс, мысалға ыдысындағы суды ауыстыра алады.

## МАҢЫЗДЫ

Бала не істесе де, нәтижесінде оның «экологиялық» жұмысы мардымсыз болса да, балаға мейірімді және өте қажетті істер жасап жүргенін шаршамай айта беріңіз. Сондай-ақ ең сүйікті көмекшіңіз екенін де айта жүріңіз. Дәл бұл сөздер оны одан әрі тамаша ынталандырады.





ФОНД ЕВРАЗИЯ  
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ